

*Қ. Н. Абуғалиев, ҒЗИ Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 125-БАБЫНДАҒЫ АДАМ ҰРЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕҢБЕРІН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Адам ұрлау ертеден-ақ экономикалық және саяси проблемаларды шешу тәсілдерінің бірі болса, әйел адамды ұрлау — келін түсіру мақсатында болды. Рим құқығы адам ұрлауды бостандықтағы адамды бостандықтан ажырату деп түсіндіре отырып, оны ауыр қылмыстар қатарына қосты.

XIX ғасырдағы Ресей империясының заңнамасында әйел ұрлау екі түрлі кәзқараспен қарастырылды:

1. Әйел адамның ар-ожданына қарсы қол сұғушылық. Бұған зорлау пиғылымен әйелді не-месе қыз баланы ұрлау жатады. Осы пиғылын ерікті түрде жүзеге асырмаған жағдайда зор-лауға оқталу деп танылып, оған біршама жеңілдетілген жаза тағайындалатын болған. Соны-мен қатар тұрмыста емес әйелді немесе қыз баланы атына күйе жағып, арын таптау пиғылы-мен ұрлау 8 айға дейінгі түрмеге отырғызумен жазаланған болатын. Бұл ретте егер ұрланған адам тұрмыста немесе басқамен атастырылған болса жаза ұлғайтылып отырған.

2. Отбасы құқығына қарсы қол сұғушылық ретінде адам ұрлау екі түрлі болып қаралды:

1) тұрмыста емес әйелді ұрлау;

2) тұрмыстағы әйелді ұрлау.

Алғашқы жағдайда егер адам ұрлау сол ұрланған адамның еркінен тыс жасалған болса, кінәліні мерзімі ұзартылған түрмеге жабу күтіп тұрды. Ал егер әйел адам ұрлауға келіскен жағдайда, онда оған сол ұрлаушының түрмеде отыру мерзімімен бірдей шіркеуде болу жаза-сы тағайындалды.

Екінші жағдайдағы ұрлау келісімсіз түрде жасалатын болса, ол адамгершілікке жат мақ-сатпен адам ұрлауға теңестірілді. Егер тұрмыстағы әйелді күштеп ұрлау зардабынан оның ары тапталса немесе ұрлаушымен не басқа адаммен некеге тұруға мәжбүрленсе, онда кінәлі зорлағаны немесе некеге тұруға мәжбүрлегені үшін деп белгіленген жазаның жоғары түріне лайықты болды. 1903 жылғы кезекті Қылмыстық заңдар жинағында тәмендегідей түрлерге бөле отырып, бұл жүйені өзгертті:

1) қажетсінбей ұрлау;

2) атына кір келтіріп, оқиғаны жарялау мақсатында ұрлау;

3) некеге тұру мақсатында ұрлау.

Бұл үшеуінің барлығында да келісімнің болмауы талап етілді, ал егер ұрланған адам 16 жасқа толмаған болса, оның «келісімі бола тұрса да, оның пәктігіне зиян келтіргені» үшін ұрлаушы жазаға тартылатын болды.

Мұндай нормалар Қазан тәңкерісіне дейінгі Қылмыстық заңдар жинағында болды<sup>2</sup>.

Ал Қазақстандағы адам ұрлауға қатысты жауапкершілікті қарастыратын заңнаманың да-муы Ресейге қосылу кезеңінен бастап әріс алды деп айтуға болады. Ертеде қазақ жерінде кәп жылдардан бері үстемдік еткен әздерінің құқық заңдары болғанын тарихтан білеміз. Олар — «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті жарғы» және т. б. қазақтың бұл әдет заңдары ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қажет тұстарында өзгертіліп те отырды. Бұл ретте қазақтың дала заңында некесіз жыныстық жақындық, зинақорлық, зорлау және әйел адамды ұрлау сияқты қылмыс түрлері бір тектес қылмыстар қатарында болды және жеке адамға қар-сы қылмыстардан гәрі жеке меншікке қарсы қылмыстар санатына жатты. Мұндай келеңсіз-діктер орын алған жағдайда кінәлі кәбінесе мүліктік әтем жасаумен, яғни құн тәлеумен жаза-сын әтейтін болған. Себебі ол кезде әйел адам арқылы мүліктік құндылық мәселелері шеші-летін болған. Оған ұзатылатын қызға «қалың» (қалың мал) сұрау, оның нарқы 17, 27, 37, 47 болып кете беретіні айқын дәлел. Егер қалың малы тәленіп қойған қыздың болашақ жары не-кеге дейін әмірден әтіп кетіп жатса, қарсы жақ (болашақ құдалар) құны тәленгендіктен қыз-ды алып кетіп, әмеңгерлікпен қайтыс болған күйеу жігіттің өзге ет жақын туыстарына қос-қан.

Атам қазақтың бабаларымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрлерінің басым көпшілігі ислам діні әдеттерімен астасып жатқаны ақиқат. Ислам дінінде болсын, біздің жоғарыда кәр-сетіп кеткен ертедегі дала заңдарында болсын некелесу мақсатында әйел адамды ұрлауға қатысты нақты жазаның қарастырылмауы — сол кездері мұндай қылмыс түрінің әзекті бол-мауынан деп ұғынуға болады. Дегенмен «бесік құда», «бел құда», «айттыру» сияқты дәстүр-лердің теріс жақтары да болған. Айналып келгенде, жастардың құқықтар жоғарыда кәрсеткеніміздей, мүліктік мүдденің құрбаны болған. Яғни мүліктік мүддені құрайтын әлеуметтік теңсіздіктің нәтижесінде келісім арқылы «алып қашу» пайда болған. Яғни бірін-бірі ұнатып, уәделескен екі жас ата жолымен қосылудың мүмкін еместігіне кәздер жеткен соң, қол ұста-сып, алыстағы жамағайындарына тартып отырған. Соңы қайғылы оқиғаға да ұласып жатқан. Бізге мұра болып жеткен «Қалқаман-Мамыр» жырының мазмұны да осындай оқиғаларды ай-ғақтай түседі.

Ал енді кейінгі уақыттары бұл «алып қашу» дәстүр ретінде қалыпты сипатқа айналғаны жасырын емес. Мұнда да адамның материалдық ахуалы әзіндік рөлге ие. Мәселен, қыз бала-сын ұзатуға, яғни ұзату тойын жасауға материалдық тұрғыда дәрменсіз отбасы қыздарының осы келісім арқылы «алып қашу» дәстүрімен тұрмысқа шығуына қарсы болмайды. Мұның еш сәкеттігі де жоқ. Бірақ Кеңес дәуірінен бері осы «алып қашуды» демеу кәріп, некеге тұру мақсатында қыз баланы бейтаныс адамның бейтаныс жерге еркінен тыс алып кету оқиғалары орын алуда. Бұл дегеніміз әркениет заманында адам құқығын аяққа таптау, арын даттау, пәктігіне кір келтіру сияқты құқық бұзушылықтардың әріс алуына жол береді. Бір қызығы қазіргі қылмыстық заңымызда осы қылмыстық құқық бұзушылық түріне арнайы норманың немесе жеке жауапкершілік түрінің болмауы.

Мәселен, кәрші Қырғыз елінің Қылмыстық кодексінде осыған орай мынадай нормалар бар: 1) 154-бап. Он жеті жасқа толмаған адаммен фактілі некелік қатынасқа түсуге мәжбүр-леу; 2) 155-бап. Әйел адамды некеге түсуге мәжбүрлеу, некеге түсу үшін әйел адамды ұрлап әкету немесе некеге түсуге кедергі болу.

Ал, Кореяның Қылмыстық кодексінде адам ұрлау қылмысына қатысты жеке тарау бәлін-ген. ХХХ тарау — «Адам ұрлаумен байланысты қылмыстар». Бұл тараудың ішінде 291-бап — «Үйлену мақсатында адам ұрлау» деп аталып, онда күштеп немесе алдап некеге түсу мақсатында адам ұрлаған тұлға бес жылға дейін қаторғалық жұмысқа жегіледі.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы қылмыстық кодексінде 125-бап «Адам ұрлау» деп аталып, тек адам ұрлауға қатысты жауапкершілікті қарастырады. Ал оның 2-бәлігіндегі саралау белгілерінде біз сөз етіп отырған «үйлену мақсатында қыз ұрлаудың» жазасы қарас-тырылмаған.

Бұл мәселені кәтеріп отырған себебіміз аталған қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті үшін нақты жазалау санкциясының болмауы жауапкершіліктің те әлсіреуіне себеп болады. Қазақи ауылды жерлерде келісімсіз «қыз алып қашудың» соңы бітімгершілікпен аяқталып, кәбінесе, жабулы қазан жабулы күйінде қала беруі, бұл әрескел әрекеттің әзі белгілі бір дәстүр сипаттас болып кетуіне себеп болғаны жасырын емес. Осындай тағдыр тәлкегіне ұшыраған кейбір қарындастарымыз арыз жазуды ар кәреді де, «есік кәрген» деген атқа қалып жатады. Мәжбүрлі түрде келісім бергеннен кейін де «дәм-тұзы» жараспай, ажырасып кету фактілері де қаншама. Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында «неке екі жақ-ты келісім арқылы жүзеге асуы керек» деп айтылған.

Осыған орай Қазақстан Республикасы ҚК 125-бабына саралау белгісі ретінде «үйлену мақсатында әйел адамды ұрлау және неке құруға мәжбүрлеу» тармағын енгізуді ұсынамыз. Сонымен қатар осы баптың соңындағы «ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады» деген ескертуге «үйлену мақсатында әйел адамды ұрлау» фактісінен өзге» деп толықтыру енгізгенді жән деп санаймыз. Себебі, бұл жерде және бір ескеретін жайт — ұлттың менталитеті. Қазақ қашанда қыз балаға құрметпен қараған. «Қызға қырық үйден тыйым», «қыз әссе, елдің кәркі...», «қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген қанатты сәздер де осының ай-ғағы. Қызды қой сияқты келісімсіз әңгеріп алып кету, кәнбегеннен кейін іс насырға шабаты-нын білген соң, алдап-сулап қоя беру немесе шамалы уақыт отасып, алып қашқан адамның кәңілінен шықпаған соң, қайтарып жіберу — мұның бәрі адамгершілік ар-ожданның аяққа тапталуымен қатар, қыздың әзіне, ата-анасына, жақын туыстарына үлкен моральдық соққы

болып табылады. Сондай-ақ арнайы жазалау санкциясының болмауынан әлгіндей әрекеттер жалпы адам ұрлау фактісімен сараланып, кәнбеген қызды «әз еркімен» босатқан жағдайда, сол баптағы ескертуге сәйкес кінәлінің қылмыстық жауапкершіліктен құтылып кетуіне жол беріледі деген сөз. Міне, сондықтан да Қылмыстық кодекстің «Адам ұрлау» 125-бабына жоғарыда келтірілген жаза түрін енгізу осындай олқылықтардың орын алмауына бірден-бір себеп болады деп ұйғарамыз.

Фойницкий И. Я. Курс уголовного права. Часть Особенная. — СПб, 1901.

2 Сулейманова Г. Ж. Уголовно-правовая ответственность за похищение человека: Дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2010.